

Етінің тірілігімен бригада басқарып, Абыралы ауданындағы «Қайнар» колхозын өрге сүйреуге үлес қосып жүрген әкесі Бықия «халық жауы» деген домалақ арыздың құрбаны болып итжеккенге айдалғанда бүгінгі әңгімеміздің

жан-жақты қарастырылған программа-репертуар әзірлеу қажет. Соған сәйкес орындаушыларды іріктеп, сахнаны безендіру, үлкен ұжымды ұлттық киіммен қамтамасыз ету керек. Сөйтіп, көп болып қолға алған жұмыстың нәтижесінде киім тігілді, декорация әзір бол-

баев сияқты табиғи дарын иелерінің «Салтанаттың» дүниеге келуіне қосқан елеулі үлестерін қалай еске алмасқа.

Өнерлі, балғын жастардың арасында үркердей ерекше топ жүретін. Бұлар - жастардың ұйытқысы, өнерді ерекше қас-

# Жақсы істердің

## ұйытқысы

кейіпкері Нұрбану әлі жарық дүниенің есігін ашпаған болатын. Әкесі ұсталғаннан кейін үш айдан соң отбасындағы бесінші сәби болып дүниеге келді. «Жығылғанға - жұдырық» деген. Әке орнын басып қалған Ахметолла соғысқа аттанып, сол күйі хабарсыз кетті. Бар ауыртпалық анасы Айша мен одан кейінгі ағасы Ахметбекке түсті. Бұл кезде апалары Шәкен мен Ажар да қолқабысқа жарап қалған. Сөйтіп, бірте-бірте аласапыран жылдардың салған жарасы жазыла бастаған.

Қайнар ауылындағы қазақ орта мектебін тәмамдаған Нұрбану құжаттарын Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтына тапсырды. Институттағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, тұтастарының алдыңғы сапында жүрді. Мұның өзі бертінде халықпен жұмыс істеуіне көп септігін тигізді.

Алғашқы еңбек жолын Егіндібұлақ аудандық кітапханасының меңгерушісі болып бастаған Нұрбану Быхина 1963-1970 жылдары Қарқаралы аудандық мәдениет бөлімін басқарды. 1970-1988 жылдары партия, кеңес органдарында қызмет атқарған Нұрбану 1988 жылы Н.Гоголь атындағы облыстық кітапхана директорының орынбасарлығына тағайындалады.

Қай жұмыста болмасын жанына жастарды үйіріп, жақсы істердің ұйытқысы, жаңалықтың жаршысы болуға ұмтылды. Жастық жалынын қоғамдық жұмысқа арнады. Уақытпен есептеспей еңбек етті. Қолға алған ісінен нәтиже шығарғанша тыным таппады. Осы мақсатқа маңайындағылардың бәрін жұмылдыра білді.

Нұрбану мәдениет бөлімін басқарған алпысыншы жылдары колхоздар совхоздарға айналып, ауылдарда көркемөнерпаздар үйірмесі жаппай құрыла бастаған шақ болатын. Жер-жерде В.И. Лениннің туғанына 100, Қазақ КСР-нің 50 жылдық мерекесіне әзірлік басталып та кеткен...

- Бірімен-бірі тығыз байланысты осы қос мерекеге жан-жақты дайындалу керек болды,- деп еске алады алыста қалған сол жылдарды Нұрбану,- Сөйтіп, көптен толғандырып жүрген ән-би ансамблін құру туралы ойды жүзеге асырудың орайы келді. Бірақ бұл оп-оңай шешіле салатын іс емес еді. Алдымен



ды, шамалы уақыттан кейін өнерпаздар сахнаға шықпақ. Енді ансамбльге ат қою мәселесі туындады. Бірнеше атау ұсынылды. Ақырында көпшіліктің ұйғарымымен «Салтанат» деген атауға тоқтадық. Бұл 1969 жылдың қазан айы болатын.

- «Салтанаттың» өмірге келу кезеңін еске алғанда арнайы тоқтап, ерекше илтипатпен атап өтетін адамым - Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, марқұм Атығай Шанин. Жалпы, «Салтанат» - Атекеңнің Қарқаралы өңіріндегі кезекті творчестволық туындысы. Осының алдында мәдениет үйі жанында жұмыс жасайтын драма үйірмесі Атекеңнің жетекшілігімен «Халық театры» деген атақ алған болатын.

Сол шақтағы Нұрғали Найманбаев, Шабал Бітебаев, Бағдат Райымбеков, Баймұқаш Қала-

терлейтін - Сара Изина, Орал Нұркетаев, Төлеу Ахмедиев, Шалғынбай Төлеубаев, Гүлбараш Жазықбаева, Қанат Әділбаева, Лензехан Досмақов, Жәнібек Жаманқұлов, Рымкеш Сағымбаева, Қажет Ғинаятвалар еді.

Сол жылдары аудандық комсомол комитетін басқарған Рымбала Кенжебалақызы Омарбекова жастардың ақылшысы болды. Рымбала Кенжебалақызы сол кезден бастап бүгінгі күнге дейін сан рет алыс-жақын шетелдерге сапар шеккен «Салтанаттың» қамқоршысы болып келеді. Сондай-ақ, сол тұста Қарқаралы аудандық партия комитетімен атқару комитеті ансамбльдің шаңырақ көтеріп, кереге жаюына көп қолдау жасады...

Нұрбану Быхина Қарқаралы аудандық партия комитетінде идеология хатшысы болып қызмет істеген жылдары оның ұйымдастырушылық қабілеті одан әрі ашыла түсті. Шаруашылықтарды аралап, үкімет тарапынан жүзеге асырылып жатқан шараларды бұқара арасында кеңінен насихаттауға үлес қосты. Жұртшылықтың арыз-шағымына құлақ түріп, қолынан келген көмегін жасауға ұмтылды.

Нұрбану 1988 жылы облыстық кітапхана директорының орынбасарлығына тағайындалғанда мұндағы қазақ тіліндегі кітаптың жалпы саны барлық қордың бес-ақ пайызын құрайды екен. Ол қызметке кіріскен алғашқы күннен бастап-ақ қазақ тіліндегі кітап санын көбейтуге, сөйтіп қазақ оқырмандарының қатарын молайтуға күш салды. Қазақ жазушыларының жарыққа шыққан әрбір шығармасы елеусіз қалмайтын. Оқырмандар конференциясы өткізіліп, жаңа шығарма қызу талқыланп жататын.

- Бұл жұмыста бізге шежіре-қария, белгілі жазушы Жайық Бектұров пен әдебиетке жаны жақын ғалым Ғабдолла Құлқыбаев көп көмегін тигізді. Қай уақытта шақырсақ та кітапханаға келіп, жаңа шығарма туралы оқырмандармен ой бөлісетін. Алдағы жұмысымызға бағыт-бағдар сілтейтін,- деп еске алады Нұрбану апамыз.

Нұрбану Быхина зейнет демалысына шыққаннан кейін де қол қусырып қарап отырған жоқ, осы кітапханада аудармашы болып жұмыс істеп келеді.

Бүгінде мерейтойын атап өткелі отырған Нұрбану Быхинаның тынымсыз атқарған еңбегіне орай ие болған марапаттары да аз емес. 1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін, 1972 жылы «Құрмет белгісі» орденін омырауына қадады.

Бойындағы жастық жалынын еліміздің гүлденуіне арнаған Нұрбану апамызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жемісті еңбек тілейміз.

**Тілеуқабыл БАЙТҰРСЫН.**